

**Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ағымдағы жағдайы
(2006 жылғы 1 шілдедегі)**

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша республикада 14 жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – қорлар) жұмыс істеді, олардың республика аймақтарында 77 филиалдары және 77 өкілдіктері бар. Алматы қаласында 11 қорлар және 1 қордан Қарағанды қаласында («Валют-Транзит Қор» жинақтаушы зейнетақы қор» АҚ), Жезқазған қаласында («Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) және Ақтөбе қаласында («МұнайГаз-Дем» жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ) бар.

2006 жылғы маусымда заңды тұлғаларға зейнетақы жарналарын тарту және зейнетақы төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі қызметіне лицензиялар берілмеді.

11 заңды тұлғаның қорлардың зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруға лицензиялары болды, олардың 4 қоры зейнетақы активтерін дербес басқару лицензиясына ие: "МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ, "Қазақстан Халық Банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ және "БТА Қазақстан жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ және "Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ.

Есепті күнде 10 екінші деңгейдегі банктер және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі кастодиандық қызметті жүзеге асырды. Сонымен бірге, 6 екінші деңгейдегі банк қорларға кастодиандық қызмет көрсетеді: "HSBC Банк Қазақстан" АҚ еншілес банкі, "ЦентрКредитБанкі" АҚ, "Қазақстан Халық Жинақ Банкі" АҚ, "ТЕМІРБАНК" АҚ, «Еуразия Банкі» АҚ, "АТФБанкі" АҚ, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі.

Қорлардың салымшылары (алушылары)

Міндетті зейнетақы жарналарын аударатын салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарының (бұдан әрі - шот) саны 2006 жылғы маусымда 60 222 (0,76%-ке) ұлғайып, 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 7 989 640 болды.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) ең көп саны 5 қорда болды: «МЖЗҚ» – 29,15%, «Қазақстан Халық Банкі» – 19,50%, «ҰларҮміт» – 15,37%, «Валют-Транзит қор» - 8,76% және «БТА Қазақстан» – 7,85% немесе олардың үлесіне салымшылардың (алушылардың) шоттарының жалпы санының 80,63% келеді. Ағымдағы жылғы 1 маусыммен салыстырғанда 5 қорлардың үлесі 0,05 проценттік тармаққа төмендеді.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының саны осы ағымдағы жылғы маусымда 30 (0,09%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 шілдедегі жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасы 549,3 млн. теңгені құрап 32 870 болды.

Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттары барлық қорларда болды. Ерікті зейнетақы жарналары бойынша салымшылар (алушылар) шоттарының ең көп саны мына қорларда болды: "Сенім" - 59,36%, "ҰларҮміт"- 18,31% және "Капитал" – 13,88% немесе осы үш қордың үлесіне салымшылар шоттарының жалпы санының 91,55% болды.

Ерікті кәсіби зейнетақы жарналарының салымшылары "ҰларҮміт" және «Қазақстан халық банкі» қорларында болды. Ағымдағы жылғы 1 шілдедегі салымшылардың жалпы саны – 3 695, дербес зейнетақы шоттарда 24,7 млн.теңге болды. Маусым айында ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша салымшылар шоттарының саны 9 (0,24%-ке) ұлғайды.

Міндетті, ерікті және ерікті кәсіби зейнетақы жарналарын аударатын салымшылар (алушылар) санының өсімі жалпы қорлар бойынша өткен жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталады:

Салымшылардың (алушылардың) шоттары:	01.07.05ж.	01.07.06ж.	Өсім	Өсу қарқыны (%-пен)
міндетті зейнетақы жарналары бойынша	7 170 498	7 989 640	819 142	11,42
ерікті зейнетақы жарналары бойынша	31 233	32 870	1 637	5,24
ерікті кәсіби зейнетақы жарналары бойынша	3 149	3 695	546	17,34

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты

Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты маусымда 13 427 млн.теңгеге (1,77%-ке) өсіп, 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 770 826 млн. теңге немесе ЖІӨ¹ қатысты 8,8% болды. Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай деректермен сипатталды:


(млрд.теңге)

Күні	Жинақталған зейнетақы қаражатының сомасы	Өсім	Жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны (%-пен)
01.07.02 ж.	221,9	77,7	53,88
01.07.03 ж.	315,0	93,1	41,96
01.07.04 ж.	415,2	100,2	31,81
01.07.05 ж.	556,5	141,3	34,03
01.07.06 ж.	770,8	214,3	38,51

Көрсетілген кестеде бұрын жинақталған зейнетақы қаражатының абсолютті өсімі кезінде олардың өсу қарқынының жыл сайынғы төмендеуі байқалды. Бірақ, 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2005 жылғы 1 шілдемен салыстырғанда жинақталған зейнетақы қаражатының өсу қарқыны 4,48 проценттік тармаққа ұлғайып 38,51% болды.

Қорлар арасында ең көп жинақталған зейнетақы қаражаты сомасына мынадай қорлардың салымшылары (алушылар) ие: "Қазақстан Халық банкі" – 208 532 млн. теңге немесе 27,05%, "ҰларҮміт" – 138 124 млн. теңге немесе 17,92%, "МЖЗҚ" – 136 940 млн. теңге немесе 17,77%, «БТА Қазақстан» – 69 493 млн.теңге немесе 9,02% және "ГРАНТУМ" – 51 432 млн. теңге немесе жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасының 6,67%. Жалпы алғанда, осы 5 қорға жинақталған зейнетақының жалпы сомасының 78,43% келді немесе ағымдағы жылғы 1 маусыммен салыстырғанда 0,01 проценттік тармаққа төмендеді.

2006 жылғы 1 шілдедегі жинақталған зейнетақы қаражатының құрылымы



Зейнетақы активтерінің инвестициялауынан түскен салымшылардың (алушылардың) дербес зейнетақы шоттарына бөлінген «таза» инвестициялық кіріс сомасы (комиссиялық

¹ Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша 2006 жылғы бағасы

сыйақыны шегергенде) 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 204 273 млн.теңге болды. Ағымдағы жылғы маусымда «таза» инвестициялық кіріс» сомасының – 0,33%-ке елеусіз төмендеуі байқалды, бұл негізінен, АҚШ долларына деноминирленген облигациялар бойынша кірістіліктің төмендеуінен, сондай-ақ АҚШ доллары бағамының теңгеге қатынасы бойынша құнсыздану есебінен болған.

Сонымен бірге, ағымдағы жылғы бірінші жартыжылдығында салымшылар (алушылар) шотына есептелген «таза» инвестициялық кіріс сомасы 49,2 млрд.теңге болды немесе өткен 2005 жылғы салымшылар (алушылар) шотына «таза» инвестициялық кіріс есептелген (40,4 млрд.теңге) сомасынан 8,8 млрд.теңгеге көп болды.

«Таза» инвестициялық кірістің өсу қарқыны өткен жылдардың тиісті кезеңімен салыстырғанда мынадай көрсеткіштермен сипатталды:

Күні	Таза инвестициялық кіріс сомасы	Өсім	Өсу қарқыны (%- пен)	(млрд. теңге)
				Жинақталған зейнетақы қаражатындағы таза инвестициялық кірістің үлесі (%-пен)
01.07.2002 ж.	62,0	21,3	52,33	27,94
01.07.2003 ж.	87,0	25,0	40,32	27,62
01.07.2004 ж.	101,6	14,6	16,78	24,47
01.07.2005 ж.	133,5	31,9	31,40	23,99
01.07.2006 ж.	204,3	70,8	53,03	26,50


Көрсетілген кестеде 2004 жылғы 1 шілдеден бастап «таза» инвестициялық кірістің өсім қарқынының ұлғайғаны байқалады. Сонымен, 2005 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша «таза» инвестициялық кірістің өсім қарқыны 2004 жылғы 1 шілдемен салыстырғанда 14,62 проценттік тармаққа ұлғайып және 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 2005 жылғы тиісті кезеңімен салыстырғанда 21,63 проценттік тармаққа ұлғайып 53,03% болды.

«Таза» инвестициялық кіріс сомасының 2005 жылы 1,3 млрд.теңге, 2005 жылы – 3,4 млрд.теңге мөлшерінде айлық орташа өсуінде, ағымдағы жылғы қаңтар-маусымда 8,2 млрд.теңге болғанын атап өткен жөн.

Жинақталған зейнетақы қаражатының жалпы сомасындағы «таза» инвестициялық кірістің үлесі 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 26,50% болды немесе үлесі маусымда 0,57 проценттік тармаққа өсті.

Маусым айында жалпы зейнетақы жарналарының түсуі 15 063 млн. теңгеге (2,61%) өсіп, 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 591 527 млн. теңге немесе ЖІӨ¹ қатысты 6,78% болды.

Зейнетақы жарналарының, инвестициялық кірістің және зейнетақы қаражатының өзгеру динамикасы (млрд.теңгемен)



¹ Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің деректері бойынша 2006 жылғы бағасы

Ағымдағы жылғы маусымда 143 млн.теңгеге немесе 3,21%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 4 599 млн. теңге болатын, міндетті зейнетақы жарналарын уақытында ұстап қалмауға және аудармауға байланысты ұсталатын **өсімдік сомасы** өсуде.

Зейнетақы төлемдері және сақтандыру ұйымдарға аударымдары маусымда 1 087 млн.теңгеге (2,64%) өсіп, 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 42 335,9 млн. теңге болды, оның ішінде міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақы төлемдер – 42 153,7 млн.теңге, ерікті зейнетақы жарналары есебінен – 122,4 млн.теңге, ерікті кәсіби зейнетақы жарналары есебінен – 0,2 млн.теңге болды және жалпы сомасы – 59,6 млн.теңге жинақталған зейнетақы қаражаттары зейнетақы аннуитет шарты бойынша сақтандыру ұйымдарына аударылды.

Есепті кезеңде салымшылар (алушылар) өз **жинақталған зейнетақы қаражатын** бір қордан екінші қорға **аудару** құқығын пайдаланды, нәтижесінде жинақталған зейнетақы қаражаттар аударымы 2006 жылғы маусымда 3 468 млн.теңгеге (3,16%) өсіп, 2006 жылғы 1 шілдедегі 113 230 млн. теңге болды.

Жинақталған зейнетақы қаражатын басқа қорға аударудың барынша көп сомасын мына қорлар жүзеге асырды: «МЖЗҚ» - 46,39%, «ҰларҮміт» - 13,37% және «Қазақстан Халық Банкі» - 10,60%, «БТА Қазақстан» - 6,69% және "ГРАНТУМ" - 5,84% немесе осы 5 қорға аударымдардың жалпы сомасының 82,89% келеді.


Жинақталған зейнетақы қорларының зейнетақы активтерінің құрылымы

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-да инвестициялық басқаруда болған зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі 2006 жылғы маусымда 12 208 млн. теңгеге немесе 1,61%-ке өсіп 771 094 млн. теңге болды.

2005 жылғы 1 шілде және 2006 жылғы 1 шілде аралығы кезеңінде зейнетақы активтерінің айлық орташа өсуі 17,8 млрд. теңге болды.

По состоянию на 1 июля 2006 года совокупный объем пенсионных активов, находящихся в инвестиционном управлении ООИУПА составлял 771 094 млн. тенге, увеличившись за июнь 2006 года на 12 208 млн. тенге или на 1,61%.

Среднемесячное увеличение пенсионных активов за период с 1 июля 2005 года по 1 июля 2006 года составляло 17,8 млрд. тенге.



Зейнетақы активтерінің жиынтықты көлемін бөлу

ЗАИБЖАҰ	зейнетақы активтері	
	млн. теңге	%-пен в %
"Қазақстан Халық банкінің жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	208 587	27,05
"Жетісу" ЗАИБЖАҰ" АҚ	138 010	17,90
"ҰларҮміт" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	138 010	17,90
"МЖЗҚ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	136 922	17,76
"БТА Қазақстан" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	69 543	9,02
"GRANTUM Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	65 594	8,51
"ГРАНТУМ" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	51 497	6,68
"Капитал" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	14 097	1,83
"Bailyk asset management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	63 996	8,29
"Д.А. Қонаев атындағы ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	2 777	0,36
"Мұнайгаз - Дем" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	18 698	2,42
"СЕНІМ" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	31 267	4,05
"Қорғау" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	11 254	1,46
"Актив-Инвест" ЗАИБЖАҰ" АҚ	36 288	4,71
"Валют-Транзит Қоры" жинақтаушы зейнетақы" АҚ	36 288	4,71
"Нұр-Траст" ЗАИБЖАҰ" АҚ	18 921	2,45
"Атамекен" жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	18 921	2,45
"АЛЬФА ТРАСТ" ЗАИБЖАҰ" АҚ	17 720	2,30
"Қазақмыс жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	17 720	2,30
"Premier Asset Management" ЗАИБЖАҰ" АҚ	15 513	2,01
"Отан" ашық жинақтаушы зейнетақы қоры" АҚ	15 513	2,01
Зейнетақы активтерінің ЖИЫНТЫҒЫ	771 094	100,00

2006 жылғы маусымда 15 849 млн. теңгеге немесе 2,12%-ке өсіп, 2006 жылғы 1 шілдедегі инвестицияланған зейнетақы активтерінің көлемі 764 282 млн. теңге болды.

ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфелі

Қаржы құралдары	01.07.2006ж.	
	млн. теңге	%
ҚР мемлекеттік бағалы қағаздары, оның ішінде	212 768	27,84

ҚР еврооблигациялары	2 159	0,28
Қаржы министрлігінің бағалы қағаздары	155 878	20,40
Ұлттық Банктің ноттары	54 731	7,16
жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздары	0	0,00
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары	63 597	8,32
акциялар	2 761	0,36
облигациялар	60 836	7,96
Шетел инвестициялық қорлардың пайлары	170	0,02
Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары	2 327	0,30
Шетел эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздары	8 374	1,10
Тазартылған алтын	8 315	1,09
ҚР эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздары, оның ішінде	332 880	43,55
акциялар	93 019	12,17
облигациялар, оның ішінде	239 861	31,38
АҚШ долларына номинирленген	2 294	0,30
теңгеге номинирленген	236 623	30,96
Екінші деңгейдегі банктердің салымдары	135 851	17,78
жиынтығы:	764 282	100,00

Келтірілген деректерден көріп отырғандай, мемлекеттік бағалы қағаздар үлесі 2006 жылғы 1 маусыммен салыстырғанда 7 474 млн. теңгеге немесе 3,39%-ке азайып, 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша зейнетақы активтерінің жалпы көлемінің 212 768 млн.теңге немесе 27,84% болды. Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік бағалы қағаздар көлемінің өсуі 2006 жылғы маусымда 7 904 млн. теңге немесе 2,43% болды. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар көлемі 12 668 млн.теңгеге немесе 10,28%-ке өсіп 135 851 млн. теңге болды.

Зейнетақы активтерін дербес инвестициялық басқаруды жүзеге асырушы ЗАИБЖАҰ мен ЖЗҚ зейнетақы активтерінің салымдарын екінші деңгейдегі банктерге тек ұлттық валютада орналастыратынын атап өткен жөн.

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша ЖЗҚ жиынтық инвестициялық портфеліндегі халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарының үлесіне 0,30% келіп отыр. ЖЗҚ-ның жиынтық портфеліндегі шетелдік эмитенттерінің мемлекеттік бағалы қағаздарының көлемі 2006 маусымда 13 198 млн.теңге (61,18%-ке) азайып, 8 374 млн. теңге (1,10%) болды. Шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес бағалы қағаздарының үлесі 8,32% болды, бұл алдыңғы есепті кезеңіндегі ұқсас көрсеткіштен 2,14 проценттік тармаққа көп.

Қорларды номиналды кірісінің коэффициенті туралы мәліметтер

2003 жылғы маусымдағы – 2006 жылғы маусымдағы кезеңде қорлардың зейнетақы активтері бойынша 2006 жылғы 1 шілдедегі номиналды кірістің орташа алынған коэффициенті 23,29% болды.

ЖЗК бөлігінде номиналды кіріс коэффициентінің мағыналары туралы ақпарат www.afn.kz. Web-сайтында орналастырылған.

Қорлардың қаржылық жағдайы

Қорлардың жиынтық меншік капиталы 2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша 20 379,9 млн. теңге болып, оның ішінде жиынтықты төленген жарғылық капиталы 8 221,1 млн. теңге немесе меншікті капиталы көлемінің 40,34% болды. 2006 жылғы маусымда қорлардың меншікті капиталы 308,6 млн.теңгеге немесе 3,90%-ке өсті.

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша қалыптасқан резервтік капиталдың көлемі 1 696,2 млн.теңге немесе қорлардың меншікті капиталы көлемінің 8,32% болды.

Қорлардың кіріс жиынтық мөлшері ағымдағы жылғы қаңтар-маусымда 11 784,3 млн.теңге болды, оның ішінде комиссиялық сыйақыларынан (зейнетақы активтерден және зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кірістен) түскен кірістер 10 900,5 млн.теңге (кіріс жиынтық мөлшерінен түскен 92,5%) және шығыстар мөлшері – 4 409,3 млн.теңге, оның ішінде зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға және кастодиан банктерге – 1 325,3 млн.теңге немесе қорлардың шығыстар жалпы сомасының 30,06% сыйақы.

Ағымдағы жылғы қаңтар-маусымда 14 қорлар таза кірістің (салық салығын төлегеннен кейін) жалпы сомасы 6 620,8 млн.теңге болды, оның ішінде кірістің ең көп сомасы мына қорларда болды: «БТА Қазақстан» - 45,34%, «Қазақстан Халық Банкі» - 37,28%, «Ұлар Үміт» - 7,13% немесе осы үш қор қорлардың жалпы таза кіріс сомасының 89,75% болды.

2006 жылғы қаңтар-маусымда қорлар салық салығын төлегеннен кейін өткен жылдың тиісті кезеңге қарағанда 2,8 есе көп таза кіріс алғанын атап кеткен жөн.

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша жинақтаушы зейнетақы қорларының міндеттемелер сомасы 1 115,8 млн.теңге немесе қорлардың меншікті активтері көлемінің 5,19% болды.

2006 жылғы 1 шілдедегі жағдай бойынша меншікті активтері есебінен қорлардың қаржы инвестициялары 15 475,6 млн. теңгені немесе меншікті капиталы көлемінің 75,94% болды. Ағымдағы жылғы маусымда қаржы инвестицияларының көлемі 892,8 млн.теңгеге немесе 6,12%-ке өсті.

Қорлар меншікті активтерін мемлекеттік бағалы қағаздарына жалпы сомасы 2 721,2 млн.теңгеге (17,58%), Қазақстан Республикасы эмитенттерінің мемлекеттік емес бағалы қағаздарына жалпы сомасы 5 602,8 млн.теңгеге (36,21%) инвестициялады және екінші деңгейдегі банктердің салымдарына 4 055,2 млн. теңге (26,20%) және «Кері РЕПО» операциясына жалпы сомасы 3 046, млн.теңге (19,69%) және инвестициялық қорлардың пайлары – 50,0% немесе инвестициялардың жалпы көлемінің 0,32% орналастырды.